Жетісу университетіне 50 жыл!

ZU 1972 ZHETYSU UNIVERSITY

# Jetisý ýnıversıteti

№5 (218)
27 mamyr
2022 jyl

ALMATY OBLYSTYQ QOĞAMDYQ-SAIASI JASTAR GAZETI
АЛМАТИНСКАЯ ОБЛАСТНАЯ ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ МОЛОДЕЖНАЯ ГАЗЕТА

СҮЙІНШІ!

# ҒАЛЫМДАРЫМЫЗДЫҢ ӨНЕРТАБЫСЫ ПАТЕНТТЕЛДІ


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
ПАТЕНТ
PATENT
№ 7111
ПАЙДАЛЫ МОДЕЛЬГЕ / НА ПОЛЕЗНУЮ МОДЕЛЬ / FOR UTILITY MODEL

(21) 2022/0246.2
(22) 27.03.2022
(45) 20.05.2022

(54) Омыртқааралық жарықтарын емдеуге арналған құрылғы
Устройство для лечения позвоночных грыж
Device for treatment of spinal disc herniation

(73) Алдибекова Кулдархан Нурсапаевна (KZ)
Aldibekova Kuldarkhan Nursapaevna (KZ)

(72) Алдибекова Кулдархан Нурсапаевна (KZ) Aldibekova Kuldarkhan Nursapaevna (KZ)
Құрманғажы Гүлнархан (KZ) Kurmangazhy Gulnarkhan (KZ)
Кыдырбаева Эльмира Омирсериковна (KZ) Kydyrbayeva Elmira Omirserikovna (KZ)
Керімбай Нұржан Нұрбергенұлы (KZ) Kerimbay Nurzan Nurbergenuly (KZ)
Дюсембинова Сауле Мырзабековна (KZ) Dyussembinova Saule Myrzabekovna (KZ)

ЭЦҚ қол қойылды / Подписано ЭЦП / Signed with EDS — Е. Оспанов / Е. Оспанов / Y. Ospanov

«Ұлттық зияткерлік меншік институты» РМК директоры
Директор РГП «Национальный институт интеллектуальной собственности»
Director of RSE «National institute of intellectual property»

**ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНДЕГІ «ГЕОФИЗИКАЛЫҚ ОРТАНЫҢ БИОФИЗИКАЛЫҚ МОНИТОРИНГІСІ» ҒЫЛЫМИ ЗЕРТХАНАСЫ 2017-2022 ЖЫЛДАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕСІНДЕ «ОМЫРТҚА АРАЛЫҚ ЖАРЫҚТЫ (ГРЫЖА) ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫ» ҚҰРАСТЫРЫП ШЫҚҚАН ЕДІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ РМК «ҰЛТТЫҚ ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ИНСТИТУТЫНЫҢ» САРАПТАУЫ БОЙЫНША, БҰЛ ҚҰРАЛДЫҢ ДҮНИЕ ЖҮЗІНДЕ БАЛАМАСЫ ЖОҚ ЖӘНЕ КЕЗДЕСПЕГЕНІ ЕСКЕРІЛІП «ОМЫРТҚА АРАЛЫҚ ЖАРЫҚТЫ (ГРЫЖА) ЕМДЕУГЕ АРНАЛҒАН ҚҰРЫЛҒЫҒА» ӨНЕРТАБЫС РЕТІНДЕ №7111 ПАТЕНТ БЕРІЛДІ. ЕНДІГІ МАҚСАТ ЛИЦЕНЗИЯЛАУ ЖӘНЕ КОММЕРЦИЯЛИЗАЦИЯЛАУ ІСІН БАСТАУ.**

Зерттеу барысында: Алматы қаласы Наурызбаев атындағы «Жану» және «Тамақтану» зерттеу институтындағы арнайы зертханаларда, жергілікті өсімдіктің қырық түрі сараптамадан өтіп, химиялық, биологиялық құрамы анықталып, биофизикалық қасиеттері нақтыланды, жергілікті өсімдіктер мен геофизикалық материалдарды грыжаны емдеуге қолдануға болатындығы дәлелденіп, арнайы құрылғы құрастырылып, экономикалық ұтымдылығы ескерілді.

***Еске сала кетейік:*** Бұған дейін «Геофизикалық ортаның биофизикалық мониторингісі» ғылыми зертханасы жасыл энергия саласы бойынша өсімдіктерден, жер қыртысының геофизикалық факторларынан электр энергиясын өндіруде құрылғы ойлап табуына байланысты патенттер алған еді.

## *ПАТЕНТ ИЕГЕРЛЕРІ ЖӘНЕ АВТОРЛАРЫ:*


*Әлдибекова Күлдархан Нұрсапақызы, «ГФБМ» ғылыми зертхана меңгерушісі, п.ғ.к., биолог*


*Гүлнархан Құрманғажы, химия ғылымдарының докторы, химик*


*Қыдырбаева Эльмира Өмірсерікқызы, экономика ғылымдарының кандидаты-экономист*


*Керімбай Нұржан Нұрбергенұлы, география ғылымдарының кандидаты, профессор-географ*


*Дюсембинова Сәуле Мырзабекқызы, магистр, оқытушы, географ*

## ТЕАТР ТЫНЫСЫ




2 бет

## Ілияс әлемі



4 бет

## Окутанные тайнами стены



5 стр.

## ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?



7 бет

### 31 МАМЫР – САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІ

# XX ҒАСЫРДЫҢ 30-50 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЗҰЛМАТ

31 мамыр – саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық құрбандарын еске алу күні.

Биыл 1931-1933 жылдары болған аштыққа 90 жыл, 1937 жылғы жаппай саяси репрессияға – 85 жыл.

1993 жылдың 14 сәуірінде Қазақстан Республикасында «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылданды. 1997 жылы 31 мамыр «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын» еске алу күні болып бекітілген.

XX ғасырдың 30-50 жылдарындағы саяси қуғын-сүргін мен ашаршылық қазақ халқының басына түскен зұлматты қасірет болды. Ұлтымыз қайраткер тұлғаларынан айырылып, мыңдаған жазықсыз жандар жапа шекті. Қазақстанның бетке ұстар интеллигенция өкілдері жалған жаламен айыпталып, саяси қатарынан шығарылып, олардың 8544-іне «халық жауы» деген жалған жала жабылды. Алаш қайраткерлері түгелдей қуғын-сүргінге ұшырады. 1931-1954 жылдың 1 ақпанына дейін КСРО-да соттан тыс және сот органдары 3 млн 777 мың адамды ату жазасына кесіп, оның 643 мыңына үкім орындалса, 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, лагерлерге айдаған.

1937 жылы 11-тамызда Іляс Жансүгіров тұтқынға алынды, 24-қыркүйекте Сәкен Сейфуллин, 6-қазанда Бейімбет Майлин темір торға түсті, 8-қазанда Ахмет Байтұрсыновты қамауға алған.

Қазақ халқының білімді азаматтарына 1937 жылы «халық жауы» деген айып тағылды, қасіретті қудалау құрбаны болды. алайда, «халық жауларының» көпшілігінің



Сурет интернеттен BAQ.KZ

қуғын-сүргін құрбанына айналды.

Халықтың рухани мәдениетін сақтаушы, қорғаушы дәне дамытушы болғандар жаппай түрмелерге жабылды, айдалды, атылды. 1926-1932 жылдары қазақ интеллигенциясының тарихында үлкен белес болып қалғаны өз алдына, бірақ бұл жылдарда олар коммунистік қысымның күшеюіне қолдарынан келгенше тойтарыс бере жүріп, қызметтерін жалғады. Сол кездегі идеологиялық шабуыл, қызметтен ығыстыру түрінде қысым 1928-1930 жылдары партия органдары мен ОГПУ-дің Қазақстандағы өкілдігінің бастамасымен қазақ интеллигенциясын тұтқындауна ұласты. Алғашқылардың қатарында Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жұмағали Тілеулин, Халел Досмұхамедов, Жаһанша Досмұхамедов, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Мұхаметжан Тынышпаев, Әбдірахман Байділдин, Біләл Сүлеев, Мағжан Жұмабаев, Хайретдин Болғанбаев, Ғазымбек Бірімжанов, Қошке Кемеңгеров, Ахметсапа Жүсіпов, Абдолла Байтасов, Мұхтар Әуезов, Жақып Ақбаев, Әлімхан Ермеков, Жұмахан Күдерин сынды 150 қазақ оқығаны абақтыға қамалды.

Нақтырақ айтқанда, 1928 жылдың ортасынан бастап Алаш қозғалысына қатысқан зиялылар жаппай тұтқындала бастады. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген жалған айып тағылды. Сол жылдың өзінде 44 алашордашы тұтқындалды, қалғандары қараңғы қапасқа қамалды. Ұлт зиялыларының екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і жер аударылды. Осы кезде Жүсіпбек Аймауытов, Диқан Әділбаев, Әбдірахман Байділдин, Ахметсапа Жүсіпов, Халел Ғаббасов, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Үкілі Ыбырай сынды азаматтар қызылдар қолынан қаза тапқан болса, басқа қазақтың маңдай алды өкілдері репрессияға ұшырады.

1936-1938 жылдары 25 833 адам партия тағдыры КСРО Жоғары сот әскери коллегиясы үштігінің мәжілісінде шешілді. Бұл жылдары Кеңес өкіметін орнату мен нығайтуға қатысқандың көбі: Абдолла Асылбеков, Сейтқали Меңдешев, Бәймен Алманов, Нәзір Төреқұлов, Смағұл Сәдуақасов, Сабыр Шәріпов, Тұрар Рысқұлов халық жауы деп жарияланды.

Шабындық және егістік жерлерді қайта бөлу, тәркілеу, азық-түлік салығы, күштеп отырықшыландыру мен ұжымдастыру барысындағы зорлық-зомбылықтардан ең көп азап шеккен қазақ халқы болды. Бар дүниесінен, мал-мүлкінен айырылған қазақтар ашаршылыққа ұшырап, босқын күйге көшті. Нәтижесінде 2,5 млн астам аштықтан өлді, 1 млн-нан астамы туған жерінен ауа көшті.

Аталған деректердің барлығы XX ғасырдың ақтаңдақ беттерін архив мұрағаттарында отырып зерттеген К.Нұрпейісов, М.Қойгелдиев, Т.Омарбеков, М.Тәтімов т.б. ғалымдардың еңбектерінен алынған нақты деректер.

Өкініштісі, архив деректері бізге әлі толық жеткен жоқ, сол себепті көп мәлімет беймәлім. Ел тарихында зобалаң жылдарды бастан кешкен құрбандардың айтқан зары, кешкен мұңы, жүріп өткен қиын жолы – бәрін бүгінгі ұрпақ жақсы білсе, ұғынса екен деймін.

Тарихтың шындығын айтудан қорықпай, құжаттарда бар нақты деректерді мектеп табалдырығынан бастап өскелең ұрпақтың бойынша сіңіруіміз қажет. Ғаламтордың құлына айналған біздің қоғам бір үзім нан мен судың қайдан, қалай келгенін де білмейді. Оны білмеген ұрпақ, тарихынан бейхабар болып, өзгенің айтқанына тез еріп, айдағанына көніп кетеді.

**Лашын АБДИЛЬДИНОВА,**
**Әлеуметтік-гуманитарлық бағыт бойынша БББ-ның оқытушы-дәріскері.**




# ТЕАТР ТЫНЫСЫ

Барша өнер сүйер қауым, сүйінші хабар! «Жас түлек» театрымыз ұзақ сапардан құр қол оралған жоқ. Айта кетсек, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті биыл 70 жылдық мерейтойын атап өтіп жатыр. Соған орай «Аманжолов университеті: Менің сүйікті білім ордам» атты студенттік театрлар фестивалін өткізген еді.

Үлкен додаға еліміздің түкпір-түкпірінен небір таландар жиналып, бақ сынасқан. Біздің оқу ордамыз да қалыс қалмай, жас таланттарын бәйгеге қосты.

Байқау қорытындысы бойынша І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «Жас түлек» студенттік театры «Қоштасқым келмейді» қойылымымен гран-приді қанжығасына байлады. 200 мың көлемінде ақшалай сыйлық табысталған екен.

Құрметті оқырман, театр режиссерінің қысқа ғұмырнамасымен танысып өтсек. 2011-2015 жылдары қазақ өнерінің қара шаңырағы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ Ұлттық Өнер Академиясының түлегі. Қазіргі уақытта «Жас түлек» студенттік театрының жетекші-режиссері және Сүйінбай атындағы Жетісу облыстық филармониясының жеке дауыстағы классикалық әншісі. Осы сәтті пайдаланып, жастардың қолдаушысы, театрдың қозғаушысы Асхат Мадиев мырзамен сұқбаттасқан едік.



**Асхат МАДИЕВ,**
**«Жас түлек» студенттік театрының режиссері.**

***— Жүлде құтты болсын. Сапарларыңыз қалай өтті?***

— Рақмет. Тамаша барып қайттық. Бұл балалардың бірінші рет ұжым болып сыртқа шығуы. Жаңадан қосылғандар бар, сол себепті сахнадан тыс ұзақ уақыт бірге жүріп, жақын танысып жатыр. Өте қызықты болды.

***— Қазір театрда неше адам?***

— Болашақ 18 актер бар қарамағымызда. Төменгі курс студенттерінен іріктеп алдық. Өйткені, басты мақсат – алғашқы қадамнан бастап қатаң қадағалап, тұлға қалыптастыру және пысық, ән мен биге жақын білімгерлердің басын қосу болды.

***— Қоржындарыңызда қанша қойылым бар, бүгінде?***

— Он шақты. Оның ішінде «Іляс Жансүгіров» пен «Қоштасқым келмейді» спектакльдерін толық өзім қойдым. Себебі сценарист те, режиссер де – мен. Қасымда Еламан Марат есімді театр жетекшісі бар. Екеуіміздің ортақ толғауымыз бен таңдауымыздың арқасында шыққан дүниелер. Ал, қыркүйекке арнайы «Ревизорды» дайындап жатырмыз, бұйырса. Жас мамандарымызды, енді, комедия жанрына бағыттау керек.

***— Жеңістеріңіз жемісті болғай!***

— Сіздерге де алғысымыз шексіз. Алда талай керемет дүниелермен қуантатын боламыз.

**Мәулен БЕЙСЕНБАЙ,**
**ТҚ-307, Жансүгіров колледжі.**




***— Театрға қалай келдіңіз?***

— Хабарландырумен. Кастинг өтіп жатыр екен. Содан, өзімді неге сынап көрмеске деп ойладым. 2019 жылы Нұр-Сұлтан қаласында өткен «Үміт» фестиваліне барып қайттық. Театрда жүргеніме 3 жыл болыпты.

***— Болашақта өміріңізді өнермен байланыстыру жоспарда бар ма?***

— Әрине, өнер атты дүниенің бір кетігін тауып, қаланармын, бұйырса.

***— Мамандығыңыз қандай?***

— Туризм.

***— Театр хобби ме әлде жұмыс па?***

— Әзірге хобби. Оқу бітіргеннен соң, жақсы ұсыныстар түсіп жатса, неге жалғастырмасқа?!

**Сұқбаттасқан Алтынай МАХИМОВА**

# БАЛА ТІЛІН ЗЕРТТЕУШІ, ҒАЛЫМ-ҰСТАЗ – 70 ЖАСТА!



*Мен бұл кісіні ұстаздық ғұмырын мектепке дейінгі бала тілін зерттеуге арнаған, мектепке дейінгі балалар әдебиетіне қамқор жан ретінде сырттай танығандықтан Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті Педагогика және психология факультетінің «Оқыту және тәрбиелеу әдістемесі» кафедрасына келуін бірден құптаған едім. Оқытушылық өмірбаянында биыл ашылғанына 50 жыл толғалы отырған қарашаңырақта 20 жыл, туған елі - Павлодарда 25 жыл ұстаздық қызмет еткені жазылыпты.*

*2022 жылды үкімет балалар жылы деп жариялағандықтан, қазақ балалар әдебиеті классиктері туралы «Өрендерді өлеңменен өсірген» деген монографиялық еңбегін де баспаға беріп үлгерді.*

70 жасқа толғалы отырған Алтын Бакраденқызының «Мектепке дейінгі әдістеме және тәрбие» кафедрасында тәлімгерлерді оқыта жүріп аспирантураны бітірісімен, осы салада кандидаттық диссертация қорғаған. Қазір тәлімгерлерімізге дәріс оқып, ғылыми әлеуетін танытып, болашақ педагог мамандарды даярлап келе жатқан қауымдастырылған профессор. Құрметті профессордің тәлімін алған, мектепке дейінгі факультетті бітірген Г.Меңлібекова, Т.Тасжүрекова, А.Капенова, Г.Майлыбаевалар қазір ғалым ретінде көпшілікке жақсы танылса, магистрлер Г.Шеңгелбаева, К.Ахмедиева, Г. Шатырбаевалар университетімізде жауапты қызмет етуде. Ұстаз-ғалым шәкірттері жайлы үнемі мақтанышпен айтып отырады.

Осы ретте, «Жақсының жақсылығын айт, нұры тассын» демекші, А.Бакраденованың білім беру ісіндегі жемісті еңбегі, жоғары білікті мамандар дайындау мен тәрбиелеудегі шығармашылық жолына зер салғанды жөн көрдік.

- Оқытушылық қызметі 1979 жылы Педагогика, Мектепке дейінгі методика, Практикалық қазақ тілі кафедраларында басталған, көп ұзамай осы білім ордасында конкурс бойынша алғаш ашылған «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» кафедрасының аға оқытушысы болып бекітілген;

- Кафедра меңгерушісі ғалым Ш.Жанәділовпен авторлықта министрліктен «Педагогика институттары программаларының» 20-шы жинағына «Мектепке дейінгі балалар тілін дамыту методикасы» бағдарламасының алғашқы нұсқасын құрастырған;

- І.Жансүгіровтің туғанына 85-жыл толуына орай Талдықорған мемлекеттік педагогикалық институтының бас корпусында ақын музейінің ашылуына тікелей атсалысты. Сол қоғамдық жұмысы барысында Низами атындағы Ташкент университетінің оқытушысы, филология ғылымдарының докторы Қыдырәлі Саттаров басқарған фольклорлық экспедицияға қатысып, өңірдің рухани қазынасын сақтаушылар туралы көлемді мақаласы «Жетісу» газетіне жарияланған;

- 1981 жылы мектепке дейінгі тәрбие факультетінің алғашқы түлектерін Қызылорда қаласы М.Мәметова атындағы педучилищеге практикаға апара отырып, зерттеуші ғалым Әуелбек Қоңыратбаевтан І.Жансүгіров жайында құнды деректер әкеліп, «Жетісу» газетіне «Бесік тербеткен ғалым», «Естелік елестері» атты мақалаларын жариялайды;

- 1987 жылдан бастап ғылымға ден қояды: «Бастауыш мектеп» журналына «Балаларды І. Жансүгіров шығармаларымен таныстыру» атты алғашқы ғылыми мақаласы жарық көреді, 1988 ж. Ы. Алтынсарин атындағы ғылымизерттеу институтында «Орыс мектебінде қазақ тілін оқыту» мамандығы бойынша сырттай аспирантураға қабылданады. Институт директоры шешімімен Мәскеудегі Орталық Ғылым Академиясына қарасты одақтық мектепке дейінгі тәрбие институтының қызметкері, тілдерді оқыту және дамыту лабораториясының бөлім меңгерушісі Ф.А.Сохиннің жетекшілігімен диссертация жаза бастайды. Қазақстанның тәуелсіздік алуына орай, жаңаша аталған Ы.Алтынсарин атындағы ҚР Білім проблемалары институты кеңесінің шешімімен ғылыми диссертациясына Қазақстан тарапынан «Мектепке дейінгі оқу-тәрбие» лабораториясының ғалымы Б. Баймұратова ғылыми жетекшілікке тағайындалады;

- 1993 жылдың 15 желтоқсанында аталған тақырыпта ҚазМемҚызПи-дің ректоры С.М.Исаевтың төрағалығымен алғаш қазақ тілінде ашылған ЖАҚ-та кандидаттық диссертация қорғайды;

- 1995 жылы А.Бакраденова Талдықорғаннан Павлодардағы педагогикалық институттың «Қазақ тілі және әдебиеті» кафедрасына шақырылады. Өзі туып-өскен солтүстік өңіріндегі ЖООда «Шешендік өнер», «Мәнерлеп оқу», «Стилистика» пәндерінен сабақ бере жүріп, «Қазақ тілі» қоғамы тарапынан мемлекеттік тілдің қауырт жұмыстарына араласады;

- 1997-2004 жж. С. Торайғыров атындағы ПМУ-дің қазақ филологиясы кафедрасының доценті «Кітап – білім бұлағы» (Балалармен көркем мәтін оқу), «Поэзиялық шығармалар тіліне лингвистикалық-стилистикалық талдау» оқу-әдістемелік құралдарын, «Қазақ тілінен тесттер» жинағын және 30 шақты ғылыми-публицистикалық мақалаларын жариялайды.

Ұстаздық жол – жеңіл жол емес, әсіресе ғылым жолын үйлестіре ала жүру ЖОО оқытушыларына үлкен жүк. Сол жолда 45 жыл талмай еңбек етіп келе жатқан Алтын Бакраденқызының ісі тәлімгерлерімізге үлгіөнеге.

Ұлағатты ұстаздың «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту теориясы мен әдістемесі» 2018 жылы ҚР оқу-әдістемелік кеңес шешімімен мемлекеттік грифинде «Мектепке дейінгі оқу және тәрбие» мамандығы бойынша қолданыста. Жетісу университеті кеңесінің шешімімен осы үш жылдың аралығында «Мектепке дейінгілерді көркем туындылармен таныстыру» атты әрі баспа, әрі электронды әдістемелік құралын шығаруға басшылық етті.

Тәуелсіз Қазақстанның рухани және әлеуметтік дамуы жолында қол жеткізген табыстары мен білім беру саласына қосқан үлесі үшін 2017 жылы алғаш рет ҚР білім және Ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталады, 25 жыл үздіксіз еңбек еткен солтүстік аймақтан Жетісу өңіріне «ПМПИге-50жыл», 2017-ші жылы 55-жылды атап өтуге байланысты «Ұстаздар ордасы» медальдарымен оралады. Осындай қажырлы еңбегінің жемісі ретінде биылғы мәртебелі оқу жылы Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті кеңесі ұйғарымымен Алтын апайымыздың кеудесіне «Ерен еңбегі үшін» төсбелгісі тағылды.

Жастық жігерін сарп етіп оқытушылық жолын бастаған І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің ректоры – Қуат Маратұлына зейнеткер жасындағы ұстазымыз дән риза.

«Бұл марапаттарды алуыма 1977-85 жылдары аралығында ұстаздық үлкен жолда жүріп, Талдықорғанда І.Жансүгіров мұражайын ашуға атсалысқаным әсер еткен болар» дейді Жетісу университетінің бүгінгі қауымдастырылған профессоры.

Ал біз не дейміз?.. Ұстаз құдыреті, ұстаз беделі әрдайым биік екендігін айтқымыз келеді. Сондай беделі асқақ ұстазымыз Алтын Бакраденқызы бала тілін зерттеуші ойы ұшқыр тілші, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете алатын мейірбан тұлға, шәкіртіне білім берумен қатар, үлгі бола алатындай білікті маман, әріптестері арасында сыйлы ғалым, отбасының ұйытқысы болып отырған ардақты ана, немерелеріне қамқоршы әже, асыл жар!

Алтын Бакраденқызын мерейлі 70 жасымен құттықтай отырып, басты байлық – денсаулығыңыз мықты, абыройыңыз асқақ, мерейіңіз үстем болсын демекпіз!

**Қалибек ЫБЫРАИМЖАНОВ,**
**педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Педагогика және психология ЖМ-нің деканы.**

---

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ НӘТИЖЕСІНДЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ ЖАРТЫСЫ ЖОЙЫЛЫП КЕТУІ ӘБДЕН МҮМКІН. СОНДЫҚТАН ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ БІЛІМ БЕРУ САЯСАТЫН ҚАТАҢ ҰСТАНУ КЕРЕК ДЕП ОЙЛАЙМЫН. ОСЫҒАН ДЕЙІН ЕШБІР ДӘУІР КӘСІБИ ЭКОНОМИКАНЫҢ АСҚАН ЖЫЛДАМДЫҚПЕН ӨЗГЕРУІН КӨРГЕН ЕМЕС. БІЛІМНІҢ АРҚАСЫНДА ҒАНА ТҰЛҒА БИІК БЕЛЕСТЕРДІ БАҒЫНДЫРАТЫН ЗАМАНҒА АЯҚ БАСЫП КЕЛЕМІЗ. «ЖАҺАНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ» ЖОБАСЫ ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒА САЙ ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІН ӘЛЕМГЕ ПАШ ЕТУГЕ ЖОЛ АШАДЫ.**

# ӨНЕР-БІЛІМ БАР ЖҰРТТАР



Басты мақсат – қазақ интеллигенциясының, оның ішінде ғалым, суретші, музыкант секілді өнерпаздардың еңбегін кеңінен насихаттау. Әдеби шығармашылық жұмыстарын ағылшын, орыс, испан, араб, қытай және француз тілдеріне аудару.

Тынымсыз еңбектің нәтижесінде 193 әдеби шығарма, 56 кино және театр қойылымы, 64 әнші, 177 суретші іріктелді.

Жоба аясында Британдық кеңеспен, Ресей Жазушылар одағымен, Париждің мәдени бірлестігімен, Мысырдың мәдениағарту орталығымен, испандық Сервантес институтымен және Visor, Мәскеу мемлекеттік университеті, Мишель де Моль және Қытайдың Ұлттық баспасымен ынтымақтасамыз өсіп келеді.

Бүгінде жетістіктер өте көп. Атап өтсем, 10-шы Берлин заманауи өнер биенналесінде өз жұмыстарын ұсынған отандық суретшілердің сегізі «Көркем десантқа» кірді. Бейнелеу өнерінің антологиясында әртүрлі жанрдағы 180 шығарма бар. «Астана Балет» театры Италия жұртшылығына ұлттық хореография үлгілерін жаңа интерпретацияда ұсынса, Қызылорда облыстық музыкалық драма театры Шотландияға гастрольдік сапармен барып қайтқан. Музыканттар да шет қалған жоқ. Дина Нұрпейісова атындағы академиялық қазақ халық аспаптар оркестрі Парижді тәнті еткені хақ. Франция астанасында Құрманғазы мен Нұрпейісованың, Ықылас Дүкенұлының, Түркештің, Нұрғиса Тілендиевтің, Латиф Хамидидің және Евгений Брусиловскийдің шығармалары орындалды. Болашақта өмір салтымыз, жұмыс, тұрмыс, қарым-қатынас – елеулі өзгерістерге ұшырайды. Сондықтан жаңа бастамаларға, мүмкіндіктер мен тың идеяларға ашық болу керек. Бұл – табыстың кілті.

**Талғат УРАЗЫМБЕТОВ,**
**құқықтану БББ оқытушы-дәріскері,**
**заң ғылымдарының магистрі.**

# Ілияс әлемі

## Дәстүрлі «Ілияс әлемі» фестиваліндегі «Өлең деген – әр сөздің ұнасымы» атты мүшәйра жеңімпаздарының өлеңдері.



### Тағдыры тауқыметті мұңға малған

**1 дәрежелі диплом**

**Ертай КЕҢЕС,**
**Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенті.**

Қозғадың көңілдегі мұң мен шерді,
Боздатып жүректегі бозаң жырды
Үнсіз кебін оранар үндемеген,
Тілсіз қалу - құрметі тілге деген.
Садағын кері тартқан кер заманда,
Сұр мерген де өледі сұр жебеден.
Тағдыры тауқыметті мұңға малған,
Арқардай үйір-үйір жырлары ауған.
Үш арыстың біреуі Ілиястың,
Үш жүзге қадірі артық тұлға болған
Қадірлі қоғамның да қадірі өтті,
Әмірі торға қамау әділетті.
Тырнағының ұшына туын бермей,
Найзасының ұшында жаны кетті.
Қалауын сұраса егер құлдан Алла,
Өзгеріс енгізер ем бұл ғаламға:
Екі өмір берсе екен деп тілеуші едім,
Біреуін елге арнаған тұлғаларға.

Сақталған өн бойында ер қалыбы,
Қадірін жоя алмаған жер қабірі.
Жұмыр жердің бетіне сен туғалы,
Ілияс деп атыңды ел таныды.
Мерт қылғанда серт ерткен серігіңді,
Шартарапқа жеткіздің шер үніңді.
Туыс түгіл айырып туғаныңнан,
Қатал өмір өксітті-ау өміріңді.
Қара түнек басқанда көз алдыңды,
Қара аспан да көрінбес тозаң құрлы.



**Ділназ БАЙЕКЕНОВА,**
**Семей қаласы, Шәкәрім атындағы университет студенті.**

### Жыр шашу

**Бас жүлде**

Тау қария!
Мүлгіп кетсе қыр-қыдыр,
Жетісудың желкесінде жыр дүбір.
Алатаудан пырақтанып ғайыпқа,
Құлагер боп сіңіп кетті бір ғұмыр.

Қылтасынан қиып түсіп қасқыр заң,
Бұйырмысы Батыраш боп басқа ұрған.
Ақан арман шауып өтті жалында,
Шашасынан шаң көтеріп Ақшулан.

Сұм заманнан сор ішсең де сораптап,
Сендік, аға, жүрек аппақ, ар аппақ.
Бәйгелерде қара үзіп жүр қара өлең,
Қойлыбайдың қобызына қонақтап.

Тұлпарлардың тұрлау тапқан кезі кем,
Жусанды қыр жатты жылап боз ірең.
Күйіп кетті кер заманда амал не,
Күрең өмір Күреңбайдың көзінен?!

Күңіреніп тау да, тас та боздасын,
Бұғалыққа бұрын тікті ол өз басын.
Шашу қылып шашып кетем өлеңді,
Жылқы жырдың түсінбесе ел көз жасын!




**Айерке НАЗАРҚҰЛ,**
**Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті.**

### «Дала»да сен, «Күй»де сен

**2 дәрежелі диплом**

Құлагерім, ірі едің,
Рухы биік тірегім.
Жыр-жауһармен жаулаған,
Адамзаттың жүрегін.

Есімің мәңгі сақталар,
Ұлылық сенде, һақ та бар,
Мұраларың өлшеусіз,
Санадан өшпей жатталар.

Қазақтың дана баласы,
Сөзге де шешен, дарасы.
Жазғаның тарих, шежіре,
Кең байтақ елдің даласын

Ән-күйді терең сезініп,
Тыңдармын жүрек езіліп.
Сендегі кәусар ойлармен,
Жүремін әр сәт кезігіп.

Ғаламның сырын меңгердің,
Сұлуын сөздің, шебердің.
Артыңнан ерген жас ақын,
Ұрпағың болып ерермін.

Бабалардың сөзісің,
Жетісудың өзісің.
«Дала» да сен, «Күй» де сен,
Ұлылардың көзісің.

Мақтанышы елімнің,
Шоқ жұлдызы көгімнің.
Жеті өзендей өрнекті
Жырым болып төгілдің.



### Жыр құлагеріне арнау

**2 дәрежелі диплом**

**Ернұр МАДЕТ,**
**Жетісу Университеті Гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің 3 курс студенті.**

Тікен тірлікте күресіп өттің ұлт үшін,
Сондықтан сізді ардақтап бүгін тұрады ел.

Бесікте жатып біліп алам деп бұлқындың,
Құлы болмадың қомағайланған құлқынның.
Тағдыр жолында қасірет көптеу болса да,
Жұртыңның мынау көзін ашуға ұмтылдың.

Ғазиз басың сынақ көрді не түрлі,
Ғаріп қайғы, қаратпады бетіңді.
Бір жарқ етіп ерте сөндің бірақ та,
Өзің жазған «Құлагерің» секілді.

Келте ғұмырдың биігіндесіз жоғары,
Ертегі өмірдің қасіреттері болады.
Өзіңдей Ұлы адамды тапқан Жетісу,
Өзіңнен асқан тұлғаны туған жоқ әлі.

Сеземін сізде ақиқат барын, ар барын,
Өлеңнен іздеп ғаламның ғайып бар мәнін.
Журналист, ұстаз, прозаик әрі сатирик,
Бұл өлеңімді ақын рухына арнадым.

Өлеңнің мынау көшін бастаған Құлагер,
Кешегі Абай, Ыбырайларға мұрагер.



**Әділ ҚҰТТЫБАЕВ,**
**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті.**

### Жырдың жүйрік құлагері

**3 дәрежелі диплом**

Найманның ішіндегі Матай елі-
Қаратау мен Жетісу қоныс жері
Ұраны «Ер Қаптағай!» болатұғын,
Даңқы асқақ, өз ұлтына тиген себі.

Осы елден талай-талай алып шыққан,
Ел-жұртын тар кезеңнен алып шыққан.
Молықбай аты қалған тарихта,
Қобызының сарынын саналы ұққан...

Атанған поэзия Құлагері-
Ілияс ақын еді-ау нағыз пері.
Сыймаған маңдайына қазағымның,
Соны ойласам қозғалар жүрек шері.

Әншіні Әсет еске алар ма едім?..
Ардақтап асылымды жүрер ме едім?..
Жазылмаса «Құлагер» жыр дастаны,
Ақан сері бабамды білер ме едім...

Бас ием әруағыңа ақын ағам,
Бойыма жырларыңнан қуат алам.
Мәңгілік сөнбейтұғын жарық жұлдыз,
Көгінде қазағымның жарқыраған.
Арыны Ақсуындай арқыраған!!!

### Ілияс Жансүгіровке

**3 дәрежелі диплом**

**Айдана БЕКБЕРГЕН,**
**І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің студенті.**




Сөздері айтқан сары алтындай салмақты,
Жансүгіров ақын адам ардақты.
Өлеңдерін сары қымыздай сапырып,
Поэмасын көкейіне сарнатты.

Қазағымның бұл бір ұлы қайратты,
Құлагер боп талай жерді шаңдатты.
Ұшқыр ойдан талай өлең туындап,
Қызыл тілмен шарлап өтті жан-жақты.

Сегіз қырлы бір сырлы жеке тұлға,
Құлшынған жастайынан тек оқуға.
Шығармашылық қатар ап ағартуды,
Мұғалім боп істеген өз ұлтында.

Бастау алар туындылар жалғасы,
Ауыз әдебиетінің бай арнасы.
Шығармасы дәл осындай сан қырлы,
Тәрбие мен өнерінің айнасы.

Сауат ашып ауылдағы молдадан,
Білім іздеп өз тарихын жалғаған.
Ілиястай арындаған ақынын,
Қазақ деген қалың елі қолдаған.

Алашұлы жүрсе дағы сүріне,
Мойымаған қиындықтың біріне.
Жансүгіров жазылатын жырымен,
Болаттайын берік болған тіліне.



**Бағлан ОРАЗАҚАН,**
**Жаркент жоғары гуманитарлық-техникалық колледжінің студенті.**

### Ілияс Жансүгіровке арнау

**3 дәрежелі диплом**

Ұлтымыз деп елжіреген жүрегің,
Қазағымның дара туған ұлы едің.
Маңдайына біткен бағы елімнің,
Тәңірімнің бізге тартқан сыйы едің.

Құлагердей із қалдырған жырларыңыз,
Тарих болып қалып отыр сырларыңыз.
Халық жауы атанып кете бардың,
Шырылдап қала берді жан жарыңыз.

Заманыңның зұлымдығын оқығанда,
Ашу ыза кернейді кейде бізде.

Санамызға әр сөзіңді тоқыған да,
Ащы шындық тұрады кеудемізде.

Артымызда қалды талай ызғарлы өткел,
Елімізге сала алмайды жат өрнектер.
Ақындық пен ерлігіңнің куәсі ғой,
Бола білдің дара тұлға жасыңнан.

Алашымның абыройын асырған,
Кемеңгерлік жолдарында тасынам.
Даналығың кең далама үн қосып,
Ұлы Ілияс мен өзіңе бас ұрам.

**ДОРОГИЕ НАШИ ЧИТАТЕЛИ, 18 МАЯ ОТМЕЧАЕТСЯ МЕЖДУНАРОДНЫЙ ДЕНЬ МУЗЕЕВ, КОТОРЫЙ ПРАЗДНУЕТСЯ ВО ВСЕМ МИРЕ С 1977 ГОДА. ВОЗМОЖНО, ВАМ БУДЕТ ИНТЕРЕСНО УЗНАТЬ О ХРАНИЛИЩЕ ВОПРОСОВ НАД ВЕЧНОСТЬЮ, НАД ПРОСТРАНСТВОМ И ВРЕМЕНЕМ. ПОЭТОМУ МЫ РЕШИЛИ ВЗЯТЬ ИНТЕРВЬЮ У ГЛАВНОГО МЕТОДИСТА НАУЧНО-ОБРАЗОВАТЕЛЬНОГО ЦЕНТРА «РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ», ДИРЕКТОРА МУЗЕЯ НАШЕГО УНИВЕРСИТЕТА КЛАРЫ АРЫНОВНЫ. ОНА ПОДЕЛИЛАСЬ СОКРОВИЩАМИ, КОТОРЫЕ ХРАНЯТСЯ ВНУТРИ...**



# Окутанные тайнами стены



*(Председатель Талды-Курганского облисполкома Т. Курганский перерезает ленту)*

**— Расскажите, пожалуйста, об истории создания музея?**

— Ценность музея университета заключается в самой истории. Жизнь университета началась полвека назад, с тех пор в учебном заведении произошло немало ярких событий, наполненных генеалогией и смыслом. Через пять лет со дня основания университета, постановлением Совета Министров Казахской ССР от 10 октября 1977 года Талды-Курганскому педагогическому институту было присвоено имя великого поэта и писателя Ильяса Жансугурова. Еще до этого важного события под председательством ректора института Мырзатая Жолдасбекова был создан Совет содействия музею, в задачи которого входили руководство и координация работ по организации и сбору воспоминаний и реликвий, связанных с жизнью и творчеством поэта.

В состав данного Совета вошли: ответственный за создание музея ассистент кафедры философии и научного коммунизма Абдумомунова С.Т., главный хранитель музея лаборант кафедры Истории КПСС и политэкономии Ордалиева С.У., организацией поиска и сбора материалов занималась заведующая отделом областного историко-краеведческого музея Бакраденова А.Б., переписку вела заведующая библиотекой института Курганская Л.М.

К 85-летию Ильяса Жансугурова литературный музей распахнул свои двери. Заведовала музеем Бакраденова А.Б., ныне кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор, доцент, почетный ветеран университета.

**— Роль Умит Жансугуровой во всем этом?**

— Большую помощь в период становления музея оказала дочь поэта, кандидат медицинских наук Умит Жансугурова, которая преподавала в институте на кафедре гражданской обороны и медицинской подготовки. Основная миссия Умит Ильясовны заключалась в сборе, пополнении и систематизации всех материалов об отце, которые поступали в музей.

**— Сколько экспонатов смогли собрать за эти годы?**

— За пять лет существования литературного музея собрано 673 экспоната – 600 подлинные. Это – письменный и журнальный столы, ковер, посуда, личные вещи, рукописи, письма, книги, портреты, фотографии, мраморный бюст поэта. В 1984 году в связи с празднованием 90-летия Ильяса Жансугурова, в центральной части города был открыт литературный музей, где все эти экспонаты раскрывают свое содержание. Сегодня – мраморный бюст, подлинные документы, фотографии поэта и документальный фильм, посвященный открытию литературного музея Ильяса Жансугурова, к сожалению без звука, представляют огромный интерес и ценность в экспозиции музея университета.



*(А.Алимжанов, М.Жолдасбеков, Л.Рустемов. 1979 год)*

**— Теперь немного о создании музея университета?**

— После переезда литературного музея залы опустели и ректор Мырзатай Жолдасбеков предложил заполнить их материалами о самом институте, обращаясь к деканам факультетов, заведующим кафедрами, руководителям подразделений института с просьбой оказать содействие в сборе материалов для будущей экспозиции музея. Все помогали, передавая спортивные кубки, дипломы, грамоты, авторефераты, книги, фотографии, журнальные и газетные статьи и другие материалы, связанные с жизнью института. Решением Управления педагогических учебных заведений Министерства Просвещения Казахской ССР от 01.04.1987 г. был основан музей университета. Руководила музеем Гульмайдан Сундетова – выпускница института по специальности «Дошкольная педагогика и психология», преподаватель кафедры методики дошкольного воспитания. Ныне деятель культуры РК, исполнительница традиционных казахских песен Атырауской областной филармонии.

Сегодня музей состоит из четырех экспозиционных залов. Общая площадь залов составляет 276 кв.м. Фонд музея насчитывает около 4-х тысяч единиц хранения: печатные материалы, книги, спортивные кубки, видеоматериалы, фотодокументы, произведения изобразительного искусства, личные вещи и документы преподавателей и сотрудников университета.

**— Какие тайны хранит музей?**

— Музей университета находится на втором этаже библиотеки им. Г. Орманова. Каждого посетителя, переступившего его порог охватывает музейный дух. Ведь каждая экспозиция – это живой организм, который дышит временем и может рассказать удивительную историю единственного высшего учебного заведения на благословенной земле Жетысу.

Погружаясь в музейную атмосферу, Вы можете узнать о тех, кто стоял у истоков, присутствовать на лекциях первых педагогов, услышать тихий шелест страниц библиотечных книг и радостные возгласы от успешных сдач зачетов и экзаменов.

Также увидите триумфальные успехи наших талантливых студентов ансамбля песни и танца Жетысу на XII Международном фестивале молодежи в Москве, на гастролях в Латвии, Германии, Испании, России, Болгарии, Узбекистане, Китае. Или же узнаете о покорителях космических глубин и Олимпийских игр в Атланте, Рио-до-Жанейро, Пекине. Или же заметите, как разрастается Дерево Дружбы, которая выросла на международном форуме ректоров, свидетельствующее о сотрудничестве.

А если окинуть взглядом артефакты средневекового Каялыка, обнаруженные студентами университета, Вы услышите восточную мелодию шумного базара с многоголосием торговцев китайского шелка с пестрыми цветами, поливной посудой из керамики, иранскими стеклянными флаконами для благовоний, полными кувшинами вина и изобилием фруктов, буддийских бритых монахов в желтой одежде с четками в руках, мусульман, исповедующие ислам, христиан несторианского толка, европейских миссионеров, изучающих быт и культуру города...

**— Ваша миссия к 50-летию университета?**



— Основная работа, связанная с предстоящим юбилеем университета, заключается в обеспечении материалами и фотографиями для создания фильмов, книг, журналов, печатных продукций, в организации брейн-рингов, выставок музейных экспонатов, в обновлении музейных экспозиций.

**— Опишите свой трудовой путь.**

— После окончания Ленинградского государственного института культуры имени Н. Крупской работала в областной библиотеке имени С. Сейфуллина. По долгу службы супруга выехали в Бурлютобинский район, где работала ответственным секретарем районной организации общество «Знание». С марта 2000 года работаю в музее университета. Директор Государственного Эрмитажа Пиотровский М. Б. отметил, что музей – это мощный рычаг очищения. Для меня – это точно и, думаю, для каждого посетителя в определенной степени.



**— Поздравляю с Международным днём музея. Желаю всегда иметь интерес к прошлому, никогда не терять энтузиазма в настоящем. И стремиться внести весомый вклад в будущее. Пусть в жизни будет как можно больше возможностей для процветания и успеха. Пусть частые походы в музей дарят приятные эмоции и новые познания из жизни всего мира.**

— Спасибо большое.

**Беседу вела Алтынай МАХИМОВА.**

# НЕФОРМАЛЬНОЕ ОБРАЗОВАНИЕ: ПОНЯТИЕ, ПРЕИМУЩЕСТВА И ПЕРСПЕКТИВЫ

Быстрые темпы развития экономики и технологий приводят к необходимости обеспечения этих процессов высококвалифицированными кадрами, способными гибко реагировать на возрастающие изменения на рынке труда.

К современным навыкам, позволяющим эффективно действовать в любой сфере жизнедеятельности, относятся навыки в области информационно-коммуникационных технологий, социальные и межкультурные навыки (способность работать в команде, знание иностранных языков, толерантность и др.), личностные навыки (самоуправление, мотивация к обучению, способность к решению проблем, творчеству, предпринимательству, адаптация к переменам и др.). Развитию таких качеств отвечает смена парадигмы «образование на всю жизнь» на «образование длиною в жизнь».

Процесс получения образования в Казахстане на сегодня является непрерывным, многоступенчатым (школа, колледж, вуз, магистратура, докторантура) и многоуровневым (довузовская, вузовская и послевузовская подготовка).

Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова обеспечивает принципы обучения в течение всей жизни посредством реализации образовательных программ технического и профессионального, высшего, послевузовского, дополнительного и неформального образования.

Основными формами неформального образования университета являются краткосрочные и среднесрочные курсы, семинары, тренинги, кружки, клубы по интересам, стажировки.

Центр повышения квалификации и дополнительного образования ежегодно организует и проводит курсы повышения квалификации и обучающие семинары для преподавателей и сотрудников университета, преподавателей колледжей и учителей школ города и области.

Каждый год в целях обмена опытом для ППС университета проводятся семинары с участием приглашенных по академической мобильности зарубежных преподавателей и ученых.

Непрерывное образование преподавателей и сотрудников университета обеспечивается также за счет обучения в форме наставничества, стажировок.

Каждый семестр учебного года для ППС, сотрудников и обучающихся университета организуются и проводятся курсы подготовки по английскому, турецкому и китайскому языкам. Основной целью программ языковой подготовки является формирование и совершенствование навыков практического владения иностранным языком для активного применения его в профессиональной деятельности и в повседневном общении, при решении деловых, научных, академических, культурных задач. Для совершенствования навыков разговорной речи в университете организованы клуб английского языка «English club» и клуб турецкого языка.

В последние несколько лет университет использует и реализует еще одну форму неформального образования – обучение по массовым онлайн-курсам. Разработанные преподавателями массовые онлайн-курсы размещены на сайте вуза.

В нашем университете в 2020 году был запущен проект «Асыл қазына университеті». Основной идеей данного проекта является удовлетворение потребностей пожилых людей в образовании.

Задачи проекта:

● создание благоприятных условий для самосовершенствования, самореализации и развития творческого потенциала людей старшего поколения;

Основными направлениями деятельности «Асыл қазына университеті» определены следующие направления:

● Основы компьютерной грамотности и современные информационные технологии;

● Коммуникативные навыки;

● Здоровье и физическая активность.

Направления деятельности и тематика общеразвивающих и образовательных программ могут изменяться и дополняться в соответствии с потребностями слушателей «Университета». В значительной мере предложения по программам опираются на уже имеющийся опыт работы университетов «третьего поколения» в зарубежных странах.

Центром повышения квалификации и дополнительного образования разработана концепция функционирования данного «университета», совместно с Высшими школами составлена тематика и разработаны образовательные программы. Большим успехом среди людей старшего возраста пользуются такие программы, как «Современные информационные технологии для повседневной жизни» и «Финансовая грамотность».

Неформальное обучение университет проводит не только для своих сотрудников и обучающихся, но и для всех желающих. Для граждан города и области университет предлагает неформальное образование через реализацию различных программ подготовки *(Организационно-правовые формы предпринимательской деятельности в малом и среднем бизнесе, История Жетысу, Английский язык, Турецкий язык, Китайский язык, Казахский язык, Процедурный порядок разрешения споров в порядке медиации, Формирование и работа согласительных комиссий по разрешению трудовых споров, Кадровое делопроизводство и оформление трудовых отношений, Медиаграмотность, Информационно-коммуникационные технологии в образовательном процессе, Илиястану, Абайтану и др.).*

**Гулмира КАЛЖАНОВА,**
**Директор Центра повышения квалификации и дополнительного образования, кандидат физико-математических наук.**





# КУБОК РЕКТОРА

**30 АПРЕЛЯ ПОД РУКОВОДСТВОМ КООРДИНАТОРОВ ДЕПАРТАМЕНТА СОЦИАЛЬНО-ТВОРЧЕСКОЙ РАБОТЫ И ДЕБАТНОГО КЛУБА «ISQ» СОСТОЯЛАСЬ ИГРА-ДЕБАТ НА КУБОК РЕКТОРА В РАМКАХ РАЗЪЯСНЕНИЯ И ИНФОРМИРОВАНИЯ О КОНСТИТУЦИОННОЙ РЕФОРМЫ.**

Игра была очень конкурентной. Видно, что участники дебатов ответственны и тщательно подготовлены. Кажется, что темы понравились игрокам, и каждый пытался доказать свою правоту. Факты и аргументы по каждой теме — признак хорошей подготовки. Были озвучены разумные механизмы и плодотворные идеи. Определить лучших было нелегко для судей. Отрадно, что дебатное движение в нашем университете развивается.

3 мая состоялась церемония награждения. Победителей наградил Председатель Правления – ректор университета Куат Маратович. Им вручили денежные сертификаты и ценные призы. А мы поздравляем победителей и желаем участникам удачи в предстоящих играх!

# *Глаза*



*День, ночь, найди те самые глаза.*
*Взгляни, тот взгляд?*
*Или вновь град с неба?*
*Жди пепел, жди радугу и искры,*
*тех самых звезд,*
*Что летят, загадай желание в эту жизнь*
*ты вновь.*

*Обрыв, но сложно сказать, что не так,*
*Здесь опять ждёт тебя та самая яркая луна,*
*Идешь гулять и видишь, как она растет.*
*С каждым днём всё больше и больше,*
*Но потом всё уменьшается количество*
*той полноты.*
*Видишь, как она сравнима с тем, что не смог ты обрести...*

***Алёна КЛИНЧУК.***

# *Милый друг...*



*Поговорим, есть вопрос важный.*
*Может открыть уже занавес?*
*И почему в наушниках каждый,*
*А в глазах исчез интерес?*

*Режиссер, возьми перо, бумагу,*
*Историю жизни перепиши.*
*Оставь у двери острую шпагу,*
*О судьбе задумайся в тиши.*

*Давай забудем все невзгоды,*
*И посидим на лавочке.*
*Как подростки, в безумные годы,*
*Которым, всё до лампочки.*

*Без рук, как искусство,*
*Чужих сердец, научу касаться.*
*Объясню все про чувства,*
*Про разницу: любить и влюбляться.*

*Пойдём, я тебе всё расскажу,*
*Будет забавное путешествие.*
*Мир, в котором я живу,*
*Тебе понравится, честно!*

***Валерия ЗИМИНА.***

*5-6 стр. подготовлены Алтынай МАХИМОВОЙ*



# ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ НЕДЕ?

**Қандай мамандықты, қай оқу орнын таңдасам болады? Бұл қазіргі таңда әрбір мектеп түлегін мазалайтын сұрақ. Осы кезде жас буын болашағын бағдарлап, арманына алғаш рет қол созады. Өмірдегі ең үлкен қадамдарын жасайды. Кәсіпті дұрыс таңдау – дүниенің кетігін тауып, кірпіш болып қаланумен тең.**

**Қазір жастар арасында оқып жүрген мамандығын жетік білмейтіні көп. Тіпті олардың арасында «мемлекеттік грант» иегері болса болғаны деп жаны емес, баллы «қалаған» оқуды оқып жүргендері де аз емес. Сол себепті не оқып, не қойып жүргендерін өзге түгіл өзіне түсіндіре алмайды. Салдарынан ел ішінде жұмыссыздық етек алып, еңбек нарығында мәселе көбейді. Мәселен 2021 жылғы ұлттық статистика бюросының соңғы тоқсанының қорытындысы бойынша халықтың, нақтырақ айтқанда жұмысқа жарамды жандардың 4,9%-ы екі қолға бір күрек таппаған.**

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Ержан Біржанов 2022 жылдың наурыз айының 30-шы жұлдызы Tengrinews.kz тілшісіне берген сұхбатында: «Түлектердің 40 пайыздан астамы өз мамандығы бойынша жұмыс таппайды. Жастардың 34 пайызы мамандықты өздері таңдамайды. Осындай жастар оқу бітіргеннен кейін ол сала бойынша жұмысқа тұрмайды, тұра алмайды. Сондықтан, оқушы мектеп қабырғасында өзіне не ұнайтынын зерделеп, кәсіптік бағдар алуы керек, сонда ғана ол саналы түрде өзіне ұнайтын университетке түседі», – деп мәлімдеген.

Келешекте жұмысқа тұру жоғары оқу орнының білім беру сапасына, ондағы оқытушылардың тәжірибесіне де байланысты. Сондықтан оқу орны мен таңдаған мамандығыңыз жайлы толық хабардар болғаныңыз абзал. Сол шаңырақта шыңдалатындықтан менікі деп санаған салаға байланысты студенттерге қандай жағдай жасалғанына аса назар аудару қажет.

Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің «журналист және репортер ісі» мамандығының екінші курс студенті һәм болашақ журналист ретінде осы оқу орнын таңдауға кеңес берер едім. Іргетасы 1972 жылы қаланған 50 жылдық тарихы бар білім ордасы қазіргі таңда әрбір білімгерімен тығыз байланыс орнатқан. Білікті мамандар, соңғы үлгідегі озық технологиялар, заманауи жатақхана, оқулық қоры 570 мыңнан асатын кітапхана, отандық телеарналардың студиясынан кем түспейтін студия, газет тб. бәрі де студенттердің пайдасына жұмыс істейді. Осы жылдың жаз айларында білімгерлерге арналған арнайы радио ашылмақ. Өрлеуді өмірінің өзегі еткен Жетісу университеті қос дипломды білім беруді қолға алған. Яғни, төртінші курсты тәмәмдаған университет студенттері Польша, Түркия, Швейцария, АҚШ т.б сынды мемлекеттерде оқуын жалғастырып немесе жұмысқа тұра алады.

Мысалы, болашақ журналистерге студия мен газеттің есігі таңнан кешке дейін айқара ашық. Ол жерде келешек репортерлар камераны қалай қосудан бастап, видеоны өңдеуге дейін және камера алдында өзін қалай ұстауды, қалай сөйлеуді, суфлерға ілесуді үйренеді. Оқытушының берген бағыт-бағдарының арқасында сценарий, текст жазып алғашқы сұхбаттары мен авторлық бағдарламаларын осында жасайды. Әрбір түсілірім Жетісу университетінің әлеуметтік желілеріне салынып, мұрағатында сақталады. Жүйелі жазуды үйреніп, университет газетіне мақалаларын шығарады. Жетісу журналистер үйінен практика өтеді. Білім ордасының имидждік саясат орталығына барып қоғаммен байланыстың қыр-сырын үйренеді, нәтижесінде мықты PR маманы болуға,университет имиджіне атсалысуға мүмкіндік алады.

Университет қабырғасында мамандықтан бөлек шығармашылығыңызды шыңдай түсетін үйірмелер де бар. Мәселен: би, жүзу, театр, жайдарман, ән, дебат, ақындар клубы т.б. үйірмелер адамның жан жақты дамуына, ойлау көкжиегінің шарықтауына септігін тигізеді. Тіпті Республикалық додаларда университет намысын қорғап, тұлғалық қасиетіңді арттырып, нағыз көшбасшы атанасыз.

Айта кетерім Жетісу университеті білім берумен қатар запастағы офицерлер мен сержанттарды даярлайды. Оқуды аяқтағаннан соң дипломмен бірге әскери билет те беріледі. Мінекей, студенттерге осындай жағдай жасалса еліміздегі жұмыссыздық біршама азайып, білігі мен білімі қатар шапқан жас мамандар көбейе түсер еді.

**Камила СЕРГЕЕВА,**
**журналистика және ақпарат**
**БББ-ның 2 курс студенті.**
*Жетекшісі: Мадина МҰХТАРҚЫЗЫ.*

***● БІЛІМГЕРЛЕР ОЙ ТОЛҒАЙДЫ***

# ЕМТИХАННАН СҮРІНУ – ӨМІРЛІК СЫННАН СҮРІНУ ЕМЕС

**«Адам кірпіш сияқты, күйген сайын қатая түседі» демекші, өміріміз әр түрлі сынақтар мен бақытты сәттерден тұрады. Алдымыздан шыққан кедергілерді еңсеріп, қиындықтармен күресу мақсатқа жетуге ықпал етеді. Өмірдің әр кезеңінде өзіне тән сынақтар кездеседі. Мысалы: университет қабырғасындағы студенттердің көбін алаңдататын қысқы және жазғы емтихан. Біреулер емтиханды алынбайтын қамалға балап, үрейленіп жүреді. Енді бірі оған жай ғана сабақты қорытатын тест деп қарайды. Жетісу университетінде де жазғы емтихан уақыты басталды. Оқу орнында балалардың саны көбейіп, барлығы дерлік қызу дайындық үстінде. Шыжығы мен қызығы мол студенттік өмірдің есте қалатын ең әсерлі сәті де осы. Түнімен тест жаттап, өткен тақырыптарды қайталап, сынақтан сүрінбей өтудің амалын жасап жүрген білімгерлердің қарасы көбейген. Ол да бір қызық кезең емес пе?.. Емтиханға дайындық барысы туралы білімгерлерден алған сауалнамаға тоқталайық.**



«Сынаққа дайындығыңыз қалай?» деген сұраққа Алуа мен Арлан жақсы дайындалғандарын айтты. «Емтихан өту тәртібі сіздерге ыңғайлы ма?» деген сауалымызға студенттердің көбі осы жолы емтихан уақытының өте ыңғайлы екенін, сондай-ақ, комиссия мүшелерінің әділ екенін атап өтті. «Сұрақтар семестрде өткен тақырыптан келе ме?». Қыздар мен жігіттер 15 апта бойы өткен тақырыптарға қатысты сұрақтан өзге мамандыққа қатысты сұрақ та болғанын жеткізді. ЮҚ-111 тобының білімгері Дәуреннің айтуынша, емтихан оның өткенді пысықтап, тақырыптарды еске түсіруіне көмектесіпті. «Студенттердің білім деңгейін тексеретін емтихандар туралы ойыңыз…». ЖҚ-311 тобынын студенті Алуа топтағы балалардың білімі әр түрлі екенін әрі білім деңгейін тексергеннің дұрыс екенін айтып, сонымен қатар, емтихан уақыты сабаққа кедергі келтірмесе екен деген тілегін айтты. Ал, 1 курс білімгері Дәулет емтиханнан сүріну – өмірлік сыннан сүріну емес. Әркім өз біліміне лайық балл алады деп жауабын қысқа қайырды. «Емтихан тапсыру барысында қандай қиындықтан қорқасыз?». Бірнеше студент емтихан алдында қорқыныш билейтінін айтты. Алайда, оны сынақ барысында жеңе алатынын, өздерін еркін сезінетінін жеткізді. Ал кейбір студенттер, емтихан өтіп жатқан аудиторияға кірген кезде үрей билеп кететін кездердің болатынын, жасырмады. 2 курс білімгері Мадина емтихан алдында сенімсіздік пайда болып, тіпті аяқ-қолының дірілдейтінін күліп еске алды. «Студенттердің білім деңгейін тағы қандай тәсілмен тексергенін қалар едіңіз?» мұнда білімгерлердің ойы екіге бөлінді. 3 курс білімгерлері білім деңгейін тексеру міндетті емес екенін, әр бала өзінің болашағы үшін оқитынын айтса, енді бірі білім деңгейін жиі тексеріп отыру керегін, сонымен қатар, емтихан өткізу тәсілдеріне өзгеріс енгізсе деген ойын жеткізді.

Сауалнаманың қорытындылайтын болсақ, білім ордасындағы сынақтар білімгерлерді толық қанағаттандырады. Студенттердің айтуынша, емтиханның өту тәртібі мен уақыты ыңғайлы, сұрақтар тақырыптан ауытқымаған. Тек балалар емтиханға немқұрайлы қарамай, тыңғылықты дайындалса жеткілікті. «Бап шаба ма, бақ шаба ма» демекші, біреудің айы онынан туып сынақтан сүрінбей өтсе, енді бірі амал-айла ойластырып ұсталып қызыққа батып жатқандарын да көзіміз шалып қалды. Оқытушылардың айтуынша, биылғы емтихан балаларға жақсы әсер етуде. Себебі, жазбаша тапсырып жатқан білімгерлердің ойын толық ашып жеткізуге, өздерін еркін ұстауға мүмкіндігі бар. Тек өздерінің біліміне сеніп, академиялық адалдықты сақтағандары жөн. Емтиханнан құлап қалған білімгерлерге өмір осымен тоқтап қалғандай көрінеді. Ең бірінші «ата-анама не айтамын, енді не болады?», деген сұрақтар мазалайды.

Құрметті студент, бұл сынақтар бізді шыңдайды! Келесі жолы одан да мықты болуға талпынып, мақсат қоямыз. Өмір арнасы өзен секілді. Сол өзеннен өз арнамызды тауып ағу біздің басты мақсатымыз. Яғни, дұрыс жолды тауып, ары қарай жақсы амалдар жасап, армандап, өз мақсаттарымызға қол жеткізуіміз керек. Алдағы кедергілерден мүдірмей өтіп, болашақта мықты маман болып шығу біздің міндетіміз! Сол міндетті дұрыс атқарсақ, өмірде өз орнымызды таба аламыз. Ендеше, тек алға!

**Дана НУХФУЛЛАҚЫЗЫ,**
**журналистика және ақпарат**
**БББ-ның 3 курс студенті.**

**Оқырмандарға белгілі «Жетісу университеті» газетінің №1 санында «Жетісу суреттеріндегі» өсімдік атаулары» атты мақала жариялап, Ілияс Жансүгіровтың әйгілі поэмасындағы өсімдіктерді университет қызметкерлері мен студенттеріне жіті таныстыру үшін Жаратылыстану ғылымы бағыт бойынша білім беру бағдарламасының оқытушы-профессорларын бірігіп жұмыс істеуге шақырған едік. Жаратылыстану ғалымдары бұл бастаманы қуана қолдап, редакцияға Ілияс ақын атаған 90-ға жуық жер түгінің қасиетін жазып жібере бастады. Бұл санда өсімдіктердің екінші топтамасын ұсынамыз.**

# ІЛИЯС АТАҒАН ЖЕТІСУДАҒЫ ЖЕР ТҮГІ

## Түйеқұйрық


Латынша: Caragana jubata

Бұршақ тұқымдасы, қараған туысына жататын тікенекті бұта. Қазақстанда биік таудың тасты шатқалдарында, батпақты жерлерде, арша орманы мен қылқан жапырақты орман ағаштарының көлеңкесінде өседі. Биіктігі 0,5 – 4 м. Сабағы қалың бұтақты, тікенді (оның ұзындығы 4 – 7 см). Күрделі қауырсын пішіндес жапырақтары 4 – 6 жұп жапырақшалардан тұрады. Гүлдері қос жынысты, бір-бірден орналасады. Тостағанша жапырақшалары қоңырау-түтікше тәрізді, күлтесі қызғылт, сирек ақ түсті. Маусым – шілде айларында гүлдеп, тамыз – қыркүйекте жеміс салады. Жемісі – цилиндр тәрізді, сыртын түк жапқан бұршақ. Түйеқұйрық – әсемдік үшін өсіріледі және шірнелі өсімдік.

## Бәрпі

### Латынша: Aconitum excelsum



(Aconitum excelsum; синонимдері A. lycoctonum және A. septentrionale) – бұл ормандардың, шіліктердің арасында, тау сағасында өсетін өте улы шөп өсімдігі, мал (әсіресе қой мен ешкі) жесе бірнеше сағаттан соң уланып өледі. Тұқымында 31–32 процент майы болады. Сарғалдақтар тұқымдасына жататын көп жылдық өсімдіктер. Солтүстік жарты шарда өсетін 300-ге жуық түрі белгілі. Қазақстанда Қарқаралыда, Алтайда, Тарбағатайда, Жетісу (Жоңғар), Іле, Күнгей, Теріскей Алатауларында орман алаңдары мен биік тау шалғындарында, өзен-сай жағалауларында кездесетін 14 түрі бар.

## Ақезу Бәрпі

### Латынша: Aconitum lycoctonum subsp. vulparia



Ақезу бәрпі («Aconitum leucostomum Worosch») - көпжылдық шөптектес өсімдік, биіктігі 70-200 см. Түйнек тамыры қатар түзіліп өседі. Тамырының сырты қара көк түсті. Жапырақтары ірі, жүрек пішіні келеді. Сабағы тік, жоғарғы жағы бұтақты немесе дара өседі.

Оның биіктігі 0,7 – 2 м, жіпшеленген тамыры шоғырланып келеді. Түкті сабағы қырлы, қатпарлы болады. Ірі жапырақтарының ұзындығы 10 – 20 см, ені 20 – 40 см, қауырсын тәрізді тілімденген. Көк, күлгін, кейде сарғылт түсті гүлдері бұталанған гүлшоғырына топталады. Маусым – тамыз айларында гүлдеп, қыркүйек – қазанда жеміс береді. Жемісі түкті, тұқымы 3 қырлы келеді. Бәрпі туысына жататын өсімдіктердің барлық түрі улы, мысалы, Жоңғар Бәрпісінің тамыр түйнегінен қасқыр аулайтын у алынады. Тамырында 0,8 –1,9% алкалоид болғандықтан, дәрі алу үшін пайдаланылады. Бәрпіні мал жемейді негізінен сәндік өсімдіктер.

## Уқорғасын

### Латынша: Aconitum



Сарғалдақ тұқымдасына жататын көпжылдық шөптесін өсімдіктер туысы. Сабағы тік, кейде шырмалып өседі. Тамыры түйнек пішінді жуан. Жапырақтары саусақ салалы, гүлі сары, көк, күлгін, кейде ақ, сабақ ұшында шашаққа топтанған. Қазақстанда 14 түрі бар. Жетісудағы орманды жерлерде, тау шағылдарында өседі. Ең улы түрлері –орман, қаракөл, Сахалин Уқорғасындары. Өсімдіктің барлық бөлігінде, әсіресе, тамырында алкалоидтар (аконитин, атизин, зонгорин, талантизин, т.б.) болады. Уқорғасынмен қой, шошқа, бал арасы уланады. Уланған мал еті адам денсаулығына өте қауіпті. Уланған малға сүт, таннин, кофеин, камфора, т.б. беріледі. Уқорғасын өскен жерге мал жаймау керек. Уқорғасынның тамырынан дәрі, сондай-ақ зиянды кеміргішлер мен жәндіктерді жоятын препарат дайындалады. Әсемдік үшін өсірілетін түрлері де бар.

Уқорғасын – биіктігі 1 метрден асатын, көп жылдық, шөп тектес өсімдік. Тамыр сабағы бір-бірімен тізбектеле байланысқан көптеген түйнектерден тұрады. Сабағын кейде түк басқан, кейде түксіз жылтыр болып келеді және түзу өседі. Тамыр жапырақтары өсімдік гүлдей бастағанда қурап қалады. Сабақ жапырақтарының сағақтары бар. Өсімдіктің жоғарғы ұшындағы жапырақтары отырмалы, сына тәрізді 5 бөліктен тұрады. Әр бөліктің өзі жіңішке 2-3 жапырақша құрайды. Гүлдері көкшіл түсті, ірі, өсімдіктің ұш жағында шоғырланған. Гүл тостағаншасы да гүл тәжі сияқты 5 жапырақшадан құралады. Оның ең жоғарғы жапырақшасы басқаларының үстін жауып төмен қарай салбырап тұрады. Уқорғасын маусым-шілде айларында гүлдейді, шілде-тамыз айларында жеміс береді.

Қазақстанда біріне-бірі өте ұқсас Жоңғар уқорғасыны мен Қаракөл уқорғасыны өседі. Екеуінің де дәрілік қасиеті бірдей. Қаракөл уқорғасынының биіктігі 2 метрге жетеді. Өсімдік тау басындағы шабындықтарда, бұталардың арасында, орманды жерлерде өседі. Дәрі жасауға өсімдіктің тамырын пайдаланады. Құрамында аконитин, аконин, мезаконин, типаконитин, зонгорин деген алкалоидтер бар.

Уқорғасын халыққа өте ертеден-ақ белгілі болған. Өсімдікті садақ оқтарын улауға, қасқырды, жолбарысты өлтіруге пайдаланған. Уқорғасынның құрамындағы аконитин алкалоиды аса улы. Оның 0,003-0,004 грамының өзі-ақ адамды уландырып өлтіріп жіберуі мүмкін.

**Жаратылыстану жоғары мектебі,**
**Жаратылыстану ғылымы бағыт бойынша БББ-ның оқытушы – дәріскері Т.Укушева,**
**химия - биология мамандығының 2 курс білімгері Ш.Шаяхмет**

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: І.ЖАНСҮГІРОВ АТЫНДАҒЫ ЖЕТІСУ УНИВЕРСИТЕТІ

**Медиаорталық басшысы**
**Баян Шаянбаева**

**Бас редактор:** Н. Дүтбаева
**Тілші:** С. Әшірбекова
**Корректор:** А. Махимова
**Дизайнер:** Н. Елшібеков
**Фотограф:** І. Базарханов

- Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникация министрлігі, Байланыс, ақпараттандыру және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитетінде 2018 жылғы 27 қарашада тіркеліп, № 17378-Г куәлігі берілген.
- «Жетісу университеті» газеті медиаорталықта теріліп, беттеледі.
- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
- Газет айына бір рет шығады.
- Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, «Алматы - Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.

**МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:**
Талдықорған қаласы,
Жансүгіров көшесі, 187а.
**Байланыс телефоны: 312484**

**Индекс 64568**
**Тапсырыс №566**
**Таралым 2000 дана**